

Филологиялық ғылымдар



Филологические науки



Philological sciences

FTAMP 17.09.91

Т.А. Мукашев¹ (0000-0001-6665-9957) – негізгі автор
А.М. Мукашева² (0000-0003-0921-6249)

¹Фил. ғылым. канд., доцент, ²Магистр, аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
e-mail: ¹mukashev_temirbai@mail.ru, ²alshagul.mukasheva.66@mail.ru

Р. НИЯЗБЕКТИҢ «КӨСЕМ» РОМАНЫ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада танымал қаламгер Р.Ниязбектің «Көсем» атты соңғы романы негізгі нысан етіп алынды. Роман XX ғасырдың екінші жартысында КСРО атты алып мемлекеттің ыдырау қарсаңындағы тарихи оқиғаны, соның ішінде Қазақстанда алғаш болып басталған тарихи көтерілістің ащы шындығы зерделеген. Романның негізгі кейіпкері - ірі тарихи тұлға, ұлт қайраткері, қазақ елін табандай отыз жылға жуық басқарған Дінмұхамед Қонаев.

Романның басты тақырыбы тарихи болуы себепті оның ауқымы кең және кейіпкерлер мен оқиғалар жүйесі күні кеше ортамызда болып өткен оқиғаны аса дәлдікпен баяндайды. Сондықтан қаламгер Р.Ниязбек тарихта болған оқиғаны көркемдік шындыққа айналдырып, туындының аса әсерлі шығуына қол жеткізген.

Мақалада көптеген оқырмандардың көз алдында болған тарихи шындықтың көркемдік шындық тұрғысында баяндалу жолы мақаланың өзіндік жаңалығы болып саналады. Ол үшін романның оқиғаларына кеңірек тоқталып, сол оқиғаларға белсене араласатын кейіпкерлерге талдау жұмыстары жүргізілген. Демек, қайбір шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын ұғыну үшін осындай талдау жүргізу қажеттігі туындайды.

Тірек сөздер: ұлт қайраткері, роман, көркем образ, тақырып, ұлттық характер, тарихи шындық.

Кіріспе. Өткен жылы еліміздің қайраткер тұлғасы, ұлт қайраткері Д.Қонаевтың туғанына жүз он жыл толды. Осыған орай облысымызда бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылып, онда Д.Қонаевтың өмірі мен қызметі төңірегінде тұшымды ойлар айтылды. Ал, осындай іс-шаралардың ішінде Р.Ниязбектің «Көсем» романының жарық көруі еліміздің руханиятындағы күрделі оқиға деуге тұрарлық. «Полиграфкомбинат» баспасынан 3000 таралыммен шыққан бұл роман тәуелсіздік алғаннан бергі тұста оқырмандардың сүйсініп оқитын санаулы туындылардың бірі болғандығы жасырын емес.

Бірден айта кету керек, романның авторы Р.Ниязбек өмірінің соңғы он бес жылын Д.Қонаевтың өмірі мен қызметін зерделеуге арнап, аталмыш романның алдында «Кемеңгер» атты өлеңмен жазылған роман жазып, баспадан шығарған болатын. Демек, «Көсем» романын жазбас бұрын автор туынды кейіпкерін жан-жақты саралап, оқиғалар тізбегін зерделеп, арнайы дайындық жүргізгені анық. Сондықтан да бұл романның көркемдік сапасы мен идеялық тереңдігі қай жағынан алсаң да қатал сынға төтеп бере алады.

Сонымен, «Көсем» романының негізгі кейіпкері Д.Қонаев болса, ал тақырыбы XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы күрделі саяси ахуал мен Мәскеудің қазақ елі тәртізді «кіші» елдерге жасаған өктемдігін

ұрпақ алдында әшкерелеу болып табылады. Сондықтан да романның арқалар жүгі мен айтар сөзі тым тереңде жатыр.

Д.Қонаевтың саясаттағы өмірін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқысы, ұрдажық, әпербақан Хрущевтің кезі, екіншісі, тарихта «тоқырау» деген атаумен қалған Брежневтің заманы, үшіншісі, көкезу, ұшқалақ Горбачевтің уақыты. Осы үш кезеңде Қонаев тарих сахнасында аса білгір саясаткер, парасатты басшы, ұлт болашағын тереңнен ойлайтын көсем ретінде қалыптасты. Сондықтан оны қарапайым халық көзі тірісінде-ақ «кемеңгер», «көсем» деп таныды.

Кез келген тарихи шығарма тарих оқулығының, болмаса ғылыми-зерттеу еңбектің қызметін атқармайды. Себебі, көркем туынды жекелеген автордың субъективті көзқарасымен өріліп жазылады. Ал, болып өткен тарихи оқиғаға әркімнің жеке көзқарасы болуы мүмкін екендігін ескерсек, онда тарихи шығарманың төңірегінде туындап тұратын түрлі дау-дамайдың болатындығы қаламгер үшін қалыпты жағдай. Десе де тарихи оқиға дәл сол уақытта ел тұтқасын ұстаған басшылардың ырқына жығылып, сол кезеңде жалпы жұртшылық тарапынан оң бағасын алып отыратыны жасырын емес. Демек, бірнеше уақыт өткеннен соң әлгі дұрыс деп танылған оқиға тіптен басқаша бағытта бағаланып, дұрыс дегеніміздің өзі дұрыс емес болып шығып жатса, мұның өзін түсіндіру белгілі бір диалектикалық заңдылықтар аясында сұрыпталып отырады.

Зерттеу деректері мен әдістері. Романдағы тарихи шындықтың көркемдік шындық тұрғысында баяндалуын саралау үшін романның оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесіне баса назар аударылады. Алдымен тәуелсіздік алғаннан бергі тұста кеңестік жүйенің ырқымен жүріп, елімізді басқарған басшылар жөнінде мұншалықты күрделі туынды жазылған емес. Бірді-екілі шағын әңгімелер мен естеліктерде баяндалатын оқиғалар сол тұстағы тарихи ахуалды толығымен ашып көрсете алмайды. Ал мұның өзі сол кезеңдегі оқиғалардың толық полотносын түсінуге мүмкіндік бермейді деген сөз. Тек 1991 жылы Бекежан Төлегеновтің «Сексен алтыншы жыл» атты романы «Жұлдыз» журналының бірнеше санында басылып, оқырмандар тарапынан қызу қолдауға ие болып еді. Анығын айтқанда бұл туынды тәуелсіздікпен бірге әдебиеттің жаңа белеске көтерілуінің алғашқы қадамы десе болғандай. Онан бергі тұста осы тәрізді күрделі туынды қазақ әдебиетінің көкжиегінде көрініс таппады. Сондықтан Р.Ниязбектің «Көсем» атты романы тәуелсіз әдебиеттің қандай болмақ керек екендігін көрсеткен құнды туынды ретінде бағаланады. Сонымен аталмыш романның қыр-сырын толық ашып көрсету үшін мынандай мәселелерге баса назар аударылады:

1. Романда елдің назарын аударған тарихи оқиға шындық тұрғысында баяндалып, сол кезеңдегі тарихи шындық көркемдік шындыққа айналып, нанымды баяндалады.

2. Роман авторы сол тұстағы оқиғаларды көзімен көрген куәгер ретінде оқиғаның баяндалуына аса жауапкершілікпен қарай білген.

3. Шығарманың өн бойында кездесіп отыратын тарихи кейіпкерлер шынайы тұрғыда сомдалады. Ол үшін автор болып өткен оқиғаларға жан бітіріп, кейіпкерлерін аса шеберлікпен үйлестіре білген.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Кез келген тарихи шығарма тарихта болып өткен оқиғаны көркемдік тұрғысында баяндаумен ерекшеленеді. Бұл жерде автор әрі тарихшы, әрі қаламгер ретінде көрінеді. Сондықтан ол баяндамақшы болған тарихи шындықты өзінше түрлендіріп, оған қосалқы оқиғалар жүктеп, кейіпкерлерін де түрлі оқиғаларға

араластырып, түрлі диалогтық тартыс пен монологтық үйлесімділікті сақтауға тырысады. Олай болмаса тарихи шығарма тарихилықтан алыстап, құр қиялға құрылған көркем шығарма ретінде бар құндылықтан айырылады. Бұдан келіп шығатын қорытынды, тарихи шындық көркемдік шындықпен үйлеспейді де жалғандық салтанат құрады. Рас, кез-келген көркем туынды қаламгердің субъективті көзқарасынан туындайды. Алайда, автордың субъективті көзқарасы архивтік деректермен үйлесімді болып, тарихи шығармаларға қойылатын талаптарға жауап бергені дұрыс. Сонда ғана ол толық мәнді тарихи шығарма болып саналады. Мұндай туындыларда тарихи шындық пен көркемдік шындық бір-бірімен сабақтасып, оқырманын көркемдік әлеміне жетелейді.

Біріншіден, Р.Ниязбек «Көсем» романын өзінің таным-түсінік тұрғысында жазып шықты. Яғни, Д.Қонаевтың заманына көз жіберіп, ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін бүгінгі күн мінбесінде тұрып, тәуелсіз елдің тәуелсіз азаматы ретінде бағамдап жазды. Бұл романның басты жетістігі екендігі даусыз. Тәуелсіз әдебиеттің негізгі мақсаты осында жатыр.

Д.Қонаев қазақ елін отыз жылға жуық басқарып, осы жолда ол небір аумалы-төкпелі тарихи оқиғалардың куәсі болды, бірде сүрінді, бірде құлады, төңірегіне өзін қолдайтын небір атпал азаматтарды жинады, сатқындар да аз болған жоқ. Саяси күрестің бел ортасында жүріп, елін жаманатқа қимады. Қаламгер сол тұстағы тарихи шындықты көркемдік шындыққа айналдыра отырып, Қонаевтың төңірегіндегі оқиғаларға ақиқат тұрғысында баға берді. Әсіресе басшылыққа Колбин келіп, ел басына қара бұлт үйірілген тұста қарақан басының күйін күйттеп, сатқындыққа барған пенделердің көркем бейнесін жасауда Р.Ниязбек жанқияр ерлікке пара-пар әрекеттерге барғанын айта кеткен жөн. Себебі өз мүддесін ел мүддесінен жоғары қойып, ұстазын сатқандардың біразы күні бүгінге дейін ел билігінде отырғанын қаламгер қаперіне де алған жоқ. Қорықпады, қаймықпады. Әдебиеттегі рухани ерлік дегеніміз осындай жанқиярлықтан келіп туындайды.

«Көсем» романы ХХ ғасырда орын алған саяси тақырыпқа арналған күрделі де көлемді шығарма. Тақырып дегеніміз кез-келген көркем туындының негізі. Сондықтан әдебиеттанушы З.Қабдолов: «Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы», немесе «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік», - деп тақырыптың анықтамасын жасап береді [1, 160]. Иә, айналада болып жатқан өмір құбылыстары жайдан-жай өтіп жатпайды. Оған қандай да бір сыртқы күш әсер етеді. Біздің жағдайымызда Мәскеудің ықпалында өмір сүріп жатқан қазақ елінің басындағы оқиғалар тізбегінің өзі, сол орталықтың тікелей нұсқауымен өтіп жатты. Оған қарсы тұрар күш ол кезеңде болған жоқ. Ал енді қаламгердің мақсаты сол бір кездері Қонаевтың төңірегіндегі оқиғаларды, қоғам құбылысын қаз-қалпында арқау ету болса керек. Дегенмен, оқиғалар тізбегі бар да, оны шығармаға арқау ету бар. Ол үшін шығармашылық дарын, көркемдік шешім мен ізденіс, қажырлы еңбек тағысын тағылар қажет-ақ. Бұл тұрғыда келгенде Р.Ниязбек бүкіл өмірін шығармашылыққа арнаған алымды қаламгер, тәжірибелі жазушы, адуынды ақын. Сондықтан оның шығармашылық ізденісінен туындаған барлық еңбек тек мақтау мен марапаттан тұрады десек артық айтқанымыз емес.

Сонымен, роман саяси-тарихи тақырыпқа құрылған күрделі туынды дедік. Олай дейтініміз, Қонаевты саясаттан, саясатты Қонаевтан бөлек қарастыруға болмайды. Басқаша болса роман сыңар жақ болып шығады да,

Қонаевтың тарих, ұлт алдындағы кесек бітім-болмысы ашылмай қалады. Қаламгердің де роман жазудағы мақсаты Қонаевтың шым-шытырық, қым-қуыт саяси тартыстарда шындалып өсу жолын баяндау арқылы, қазақ елінің жетпіс жылдық даму тарихына сәуле түсіру ғой. Демек, романда бір ғана Қонаевтың емес, сол тұстағы ел басында отырған көптеген тарихи тұлғалардың көркем бейнесі сомдалып, көптің назарынан тыс қалған оқиғалар легі оқырманның жүрегіне жол табары сөзсіз.

Романды автор Қонаевтың үкімет басшылығына тағайындалу сәтінен бастайды. Оның себебі, осы кезеңнен бастап оның ел тарихындағы алыс-жұлыс өмірі басталып кетеді. Екіншіден, Қонаевтың саясат майданында толықсып, пісіп жетілуіне осы кезеңде Кремль тағында отырған Хрущевтың мың құбылатын ұстанымы әсер еткенін аңғарамыз. Сондықтан автор шығарманың басында-ақ Хрущевтің қандай адам екендігін диалог барысында суреттеп кетеді. Оны сол тұстағы КСРО басшыларының бірі Маленковтың аузымен айтқызады. Оқып көрелік: «Боркемік миын сары сайтан улаған Хрущев өз басының мінін көрмей мені босқа күйдіреді. Оның кім екеніне кейін көздерің жетеді» [2,37]. Талай жыл орталықтың белді мүшесі болған, тіпті Сталиннің саяси пікірлесі болған Маленковтың осылайша күйініп сөйлеуі кім-кімді де ойландырады хақ. Саяси ойынның небір түрін көрген қарт саясаткердің айтқаны айна қатесіз келді. Қонаев Хрущев басқарған он жылдың ішінде небір сойқанды басынан өткізді. Намысы аяққа тапталды, ата-қоныс жерінен айырылды, орталықтың әпербақан шешімдерін орындауға мәжбүр болды. Сондықтан автор Қонаевтың ауыр халін «Жыл өткен сайын Хрущевпен жұмыс істеу қиындап бара жатты» деген бір ауыз сөзбен білдіріп кетеді.

Роман желісіне алынған оқиғалардың барлығы сол тұста өмір сүрген адамдардың көз алдында болып жатты. Бес бірдей ауданның көршілес өзбек ағайындарға берілуі, солтүстік облыстарды Ресей билігіне, батыс облыстарды түркімендерге беру жөніндегі Хрущевтің ұстанымы Қонаев үшін жеңіл соқпағаны хақ. Сол сияқты тың игеру деген желеумен мыңдаған гектар жерді құнарсыздандыру былай тұрсын, Ресей жерінен орыстарды көптеп қоныс аудартып, орыстандыру саясатын қарқынды жүзеге асыруы жергілікті тұрғындарға оңай соққан жоқ.

Көркем туындының тарихи құнын арттыратын негізгі құралдардың бірі ондағы бейнелердің сан қырлылығы болмақ. Түрлі тартыстарда шындалып, жетіліп отыратын «жағымды» бейнелер мен оған қарсы әрекеттермен сюжеттік тартысты күшейтетін «жағымсыз» бейнелер арасындағы қарама-қайшылық шығарманың бар маңызы саналады. Олай дейтініміз сюжеттік тартыс көркем туындының негізгі ұйытқысы, ақиқатқа апарар даңғыл жолы, оқырманның эстетикалық талғамы мен ізгілік шеңберін арттыратын бірден-бір көркемдік иірім.

Шындығында тарихи кейіпкер жайлы жазу, оның қыр-сырын ашып суреттеу, оған бүгінгі күн тұрғысында әділ баға беру, сөйте келіп оның кемшіліктері мен жетістіктерін тарихи тұрғыда ашып, ұрпақ алдында ақтап алу аса қиын шаруа. Ғалымның тілімен айтқанда: «Тарихи кейіпкер бірден тарихи тұлға немесе бірден батыр болып қалыптастпайды. Алғашында ол өзінің тумысындағы ерекшелігімен король немесе патша отбасына жатпайды, батыр өзінің барлық айырықша қабілеттерімен, әдеттегідей нағыз кәдімгі адам болып көрінеді де, оның болашақ тарихи миссиясы жайлы оның өзі де, оны қоршаған адамдар да аңғармайды».[3,155]. Шындығында да осылай. Д.Қонаев бірден ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен болам деп әсті

ойлаған емес. Ол да ана құрсағынан шыққаннан соң өсу жолында жүрді. Оқыды, ізденді, көп қиыншылықтар көрді. Өзінің адал еңбегі мен жаратушы сыйлаған дара болмысымен көптің көзіне түсті. Еңбекқорлығының арқасында қызмет жолында жетістіктерге жетті. Кейіпкерінің қайраткерлік болмысын нақышына келтіріп суреттеу мақсатында автор бірден Қонаевтың Министрлер кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалудан бастайды. Ал, кейіпкердің өмірге келген кезден бастап өмірінің соңына дейінгі өсу жолын баяндау романның мақсатына еңбеген. Оқырманға керегі Қонаевтың бүкіл өмір жолы емес, оның ұлт болашағы жолындағы қайраткерлік еңбегі болғандығын автор анық аңғарған. Демек, Қонаев ел алдында үлкен атақ-абыройға ие болғанға дейінгі өмір жолын тәптіштеп суреттеп жатудың өзін автордың артық санағандығы көркем туындының мағыналық сапасын кемсітпейді. Керісінше үкімет басшылығына орныққаннан соңғы кейіпкердің өсу жолы оқырман үшін әлдеқайда қызықты көрінісін автор сәтті бағамдаған. Дәл өмірінің осы кезеңінде Қонаев ұлт келешегі жолындағы күрес жолын бастайды. Яғни осы күрес жолында ғана оның тарих алдындағы миссиясы анық байқалады. Одан бөлектің барлығы көп адамдардың біріндей бір сыдырғы өтіп жатты.

Романның нағыз шұрайлы жері екі тараптағы кейіпкерлер арасындағы бітпес күрестің ақиқат тұрғысында баяндалуы болып саналады. Қонаев және оның жақтастары мен оған қарсы жақтың арасындағы қақтығыс сюжеттік желіні күшейтіп, соның арасынан Қонаевтың ұлттық бейнесі зорайып көрінеді. Қандай сәттерде болмасын Қонаев өзінің төңірегіндегі ниеттес адамдарға мейірім шапағатын төгіп, арман-мұраттарына жетуге септігін тигізіп отырады. Айталық, шығармашылық жолда кедергіге ұшырап жүрген І.Есенберлинге қамқорлық көрсетуі, «Аз и Я» кітабы үшін Мәскеудің қыспағына ұшыраған О.Сүлейменовті қорғауы, сол сияқты даңқты композиторлар Ш.Қалдаяқов пен Н.Тілендиевтің шығармашылық жұмыспен айналысуына қол ұшын беруі, Абайдың ұрпағы Тұрағұлдың қызы Мәкен мен інісі Шәкәрімнің ұлы Ахатқа қол ұшын созуы сайып келгенде ұлттық руханиятымызға деген дана басшының жанашырлық пиғылы емес пе. Алайда Қонаевтың барлық жақсылығы оған қайыр болып қайтқан жоқ. Оның бір жылдары өзі тәрбиелеп өсірген Каражамалдинов, Жоңғарбаев, Мұқатов, Әбуталиев сынды шәкіртсымақтары қиын қыстау кезінде сырт айналып сатып кетті. Руханият әлемінде Қонаев көп болғанымен, саясатта жалғыз қалды. Сондықтан автор: «Он тоғызыншы ғасырда Абай жалғыз болды. Иә, ұлылардың бәрі жалғыз...Дінмұхамед те жалғыз...», - деп кейіпкерінің басындағы ауыр сәтті бір ауыз сөзбен түйіндеп өтеді. [2, 256].

Тегінде кез-келген тарихи роман әуел баста бір адамның өміріне қатысты басталғанымен, бара-бара сол кейіпкердің төңірегінде жүрген ондаған, тіпті жүздеген адамдардың тарихи бейнесін сомдауға ұласады. Мәселен, М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясын бір ғана Абайдың өсу жолына арнады. Романды жазу барысында ол Абай заманындағы жүздеген адамдардың көркем бейнесін сомдауға мәжбүр болды. Өйтпегенде жалғыз адамның өмірі бір туындының бүкіл болмысын ашып көрсете алмайды. Сондықтан басты кейіпкер өмір сүрген замандағы қоғамдық құбылысты толық ашу мақсатында сол кезеңдегі кейіпкердің жақтастары мен қарсыластарының айла-әрекеттерін шығармаға арқау ету қажеттілігі туындайды. Осыдан келіп, характерлер тартысы туындайды. Ал, тартыстар аясында басты кейіпкердің бүкіл тарихи болмысы айшықталып көрінеді. Дегенмен, роман желісіне бір ғана адамның өсу жолы мен күрес жолын ұзақ

сонар жазып шығу қиындық туғызары хақ. Ғалымның тілімен айтқанда: «Бір адамның тарихын жазу қиын. Ол неліктен қайғырады, немесе неден қуанады... – тағы да ол қандай жалпы адамзаттық қайғымен қайғырады – міне осыны айнадағыдай айқын көрсете білу керек». [4,214]. Неліктен? Себебі бір адамның басында болып өткен мың сан оқиға көп жағдайда моральдық тұрғыда көмескіленуі мүмкін. Сонымен қатар, жеке адамның өмір жолын баяндауда бір жақты көзқарас орын алатыны тағы бар. Мысалы, Қонаевтың басында болып өткен оқиғалар тізбегі өз заманында дұрыс бағаланды ма, болмаса ол кейінгі ұрпақ алдында қалай бағаланады деген сұрақтарға жауап іздеу қаламгердің негізгі мақсаты емес пе. Осындай сауалдарға жауап іздеу барысында автор ондаған жылдарға кейін шегініп, сол кезеңдегі оқиғаларды қайта жаңғыртады. Кейбір оқиғаларды назардан тыс қалдырады, ал кейбіріне жаңадан реңк беріп, түрлендіреді. Сонымен қатар кейіпкердің басынан өткен кейбір оқиғалар арада біршама уақыт өткендіктен қаламгердің жадынан өшеді. Қалай болғанда да шығарманың өзегіне екшеліп, өзгерген оқиғалар енуі ғажап емес. Сондықтан В.О.Шкловскийдің жоғарыда айтқан уәжінің астарында үлкен шындық жатқандығы жасырын емес. Бір ескеретін мәселе, Р.Ниязбек романның негізгі кейіпкері Д.Қонаевты алғанымен, романның басынан аяғына дейін бірде бір рет Қонаевтың бейнесін жеке даралап сомдап жатпайды. Көркем бейненің негізгі көрсеткіші саналатын портреттеу, мінездеу, типтендіру тәрізді құралдар мүлдем қолданылмаған. Неліктен? Оның себебі мынада деп білеміз. Біріншіден, бүгінгі оқырмандардың басым бөлігі, әсіресе кеңестік дәуірде өмір сүрген оқырмандардың барлығы Қонаевтың сырт келбеті мен мінез-құлқын жақсы біледі. Екіншіден, Қонаев өмір сүрген кезең мен қазіргі кезеңнің арасы өте жақын. XX ғасырдың екінші жартысында болып өткен оқиғалар легі мен қазіргі кезеңдегі оқиғалар арасында ұқсастық бар және тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл ішінде адами капитал үлкен өзгеріске ұшырай қоған жоқ. Үшіншіден, шығарма авторы Қонаевты жер-көкке сыйғызбай мақтағаннан гөрі, оның қайраткерлік бейнесін нақты тартыс аясында сомдағанды дұрыс санаған. Және оның бұл ойы әбден сәтті шыққан.

Сексен алтыншы жылғы Желтоқсан көтерілісі шығарма оқиғасының шарықтау шегі деуге тұрарлық. Дәл осы оқиға барысында кімнің кім екендігі айқындала түседі. Орталықтың өктем шешіміне қарсы көтерілген елдің жастары мен оны басуға, демократиялық пиғылдағы алғашқы қозғалысты жаншуға бұйрық берген басшылардың арасындағы тартыс автор тарапынан кең суреттелген. Ел ішіндегі саяси өзгеріс тұсында Қонаевтың көзқарасы мен әрекеті оқырман үшін ерекше ықылас туғызатыны сөзсіз.

Небәрі он бес минутқа созылған пленумның шешімі отыз жылға жуық ел басында тұрған Қонаевтың саясаттағы тағдырына нүкте қояды. Міне осы тұстан бастап романдағы тартыс күшейеді. Яғни, Қонаевты жақтаушылар мен даттаушылардың арасындағы күрес шиеленісе түседі. Кезінде де, қазір де көптеген оқырманды «Сексен алтыншы жылы қазақ жастары Қонаевты неліктен қолдап алаңға шықты?» деген сауал мазалайтыны анық. Оның себебін әркім әртүрлі жауап та береді. Бірі Қонаевтың адалдығын айтса, ал енді бірі оның ел алдындағы беделін алға тартады. Енді кейбіреуі оның білімпаздығына көңіл аударса, енді біреулері қарапайымдығына ризашылығын білдіреді. Қалай болғанда да Қонаевтың көркем бейнесін жасауда Р.Ниязбек оны бар қырынан ашуға әрекет еткеннен гөрі, табиғи болмысына назар аударғанды жөн санаған. Ол үшін Қонаевтың табиғатын түсіну қажеттігі туындағаны рас. Былайша айтқанда: «Чтобы понять

знаменитого деятеля, нужно обнаружить этот общественный и вместе с тем нравственный смысл его деятельности. Так определяется важнейшая задача исторического романа». [5,182]. Өте дұрыс. Олай дейтініміз, қайбір қоғам қайраткерінің тұтас бейнесін жасау үшін сол дәуірдегі оның қоғам алдындағы қызметі мен адамгершілік сипатын бір дәрежеде алып шығу керек. Мысалы, романда Қонаевтан бөлек ондаған тарихи тұлғалар сан қырынан сомдалып жатады. Олардың барлығы нақты өмірде болған және Қонаевпен бірге ел экономикасы мен мәдениет, өнер, ғылымы мен саясатын басқарып келді. Ал енді осылардың барлығы бірдей дәрежеде халықтың қамы үшін аянбай тер төкті деп айта аламыз ба? Әрине жоқ. Саясат майданында жүрген көптеген адамдар ел мүддесінен гөрі жеке басының мүддесін көп ойлайтынын көзі қарақты оқырмандардың барлығы біледі. Сондықтан роман авторы көріне – көзге өтірікші болғысы келмейді. Яғни Қонаевтың басына қара бұлт үйірілген тұста оның төңірегіндегі үзеңгілес адамдардың бет пердесі ашылады. Оқып көрелік: «Бұрын алтын тақтан дәмелі төрт үміткер бар еді. Олар: Әбутәлиев, Жоңғарбаев, Қаражамалдинов, Мұқатов болатын. Осы төртеуі кезінде Мәскеудің азғырған тіліне еріп, ақ-адал жолдан тайып алжасты ма, жоқ жетпістен асқан қартты қалпақпен ұрып құлатып, тағын тартып алып, оған өздерінің бірін отырғыза қоймақ болды ма, кім білсін, әйтеуір Алматыда өткен партияның құрылтайында алма-кезек мінбеге көтеріліп, жерден алып, жерге салып, өлтіре сынамасы бар ма» [2,219]. Иә, қазақта «Құлан орға жығылса, құлағында құрбақа ойнайды» деген мақал осындайда айтылса керек. Кезінде Қонаевтың ығына жығылып, айтқанын екі етпей жүретін осы төрт адамның нілдей бұзылуы ешқандай адамгершілікке сыймайтын оқиға ғой. Қонаевтың өзі бұл адамдарды әр жерден жинап, өзі қолдау көрсетіп, білгенін үйретіп өсірмеді ме? Ендігі жерде өзі сеніп келген үзеңгілес інілерінің жалт беріп, сатып кетуі Қонаевқа ауыр соққаны мәлім. Д.Қонаевтың өзі «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітабында бұл адамдар жайлы біршама айтып кетеді. Романда автор аталмыш кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертіп алғанымен, оқырман шығарманы оқу барысында олардың кім екендігін жазбай таниды. Сондықтан Қонаевтың естеліктерінен осы кейіпкерлер жайлы пікірді қателеспей табуға болады.

Болмаса Колбин Жазушылар одағына барған кезде оның қолынан сүйіп, «сені жиырма бес жыл күттік қой» деп өкіріп жылайтын қарт жазушының сорақы әрекетін қалай түсінуге болады? Осы тәрізді кезінде Қонаевтың алдын орап, жүрген жерлерінде оны «әулиеге» теңеп жүрген пенделердің біразы Колбин келісімен жүздерін теріске салып, басқа әуенге көшіп сала берді. Кешегі күні тілдерінен бал тамған мұндай адамдардың қазіргі кейіпі тіптен адам танымастай. Осындай жиіркенішті бейнелердің кескін-келбетін суреттеуде автор бар өнерін салғаны аңғарылады. Мына мысалға назар аударып көрелік: «Димаш Ахметович, Сіздей ұлы көсемі, көреген басшысы бар халық қашанда бақытты. Сіздің құзырыңызда қызмет жасап жүрген мен де бақыттымын. ... Ендеше Қонаев – дәуір, Қонаев – ғасыр, Қонаев – ұлы тарих. Бұрын жұрт: «Көкте – Тәңір, жерде - Темір» дейтін еді. Ендігі мезетте: «Көкте – Құдай, жерде - Қонаев» дейтін болды» [2,298]. Бұл Әбутәлиевтің Колбин келгенге дейінгі сөзі. Тайғанақ, табанының бүрі жоқ, адамдықтан гөрі пенделікке жақын, адалдықтан гөрі сатқындыққа дайын Әбутәлиев тәрізді бейнелердің сөздері мен істерін роман авторы аса шеберлікпен суреттеп шығады. Оның басты себебі осындай бейнелердің арқасында Қонаев пен оның төңірегіндегі адал жандардың ара жігін ажырату. Сол арқылы дәуір тынысын, қоғам құбылысын, заманның құбылмалы

кезеңіндегі мың өзгерген үкімет басындағы адамдардың тарихи келбетін ақиқат тұрғысында баяндау.

Романда әлемді уысында ұстаған тарихи кейіпкерлердің көркем бейнесін жасауда да автор шығармашылық жетістікке қол жеткізді. Әсіресе Хрущев пен Горбачевтің бейнелері олардың ішкі жан дүниесімен сабақтастықта сомдалады. Осы екі кейіпкеріне қатысты мынандай жолдарды оқыған адамның өзі олар жайлы барлық мағлұматты алатыны сөзсіз. Мысалы: «Никита Сергеевичтің ең басты қателігі: өр мінезді, шоқтығы биік, талантты адамдарды маңына жуытпай өкше ізін аңдып, қуғын - сүргінге салып, күн көрсетпегені», болмаса «Горбачев шынтауайтқа келгенде істің емес, қысыр сөздің адамы. Екі езуі сабындай көпіршіп, дүниені жаңғыртып, жаңартып қайта құрмақ болды. Бірақ ол ізгі ниеті тасқындағын сөздің астында булығып, тұншығып қалды да, өзі өрісін тауып өрістеп кете алмады». Осы екі мысалдан ақ Хрущев пен Горбачевтің бүкіл бітім-болмысы тайға таңба басқандай анық байқалады. Автордың ұтымды тұсы осында жатыр, яғни аз сөзбен көп мағына беріп, кейіпкерін көпірме сөзбен сурттеуден гөрі нақты оқиға, заман өзгерісіне сай суреттеп кетеді. Шағын, тиянақты сөзбен өрілген жолдарда кейіпкерді бейнелеуге қажет барлық ой иірімдерін табасың.

Қандай сәттерде болмасын Қонаевтың арқа сүйейтін халқы әр уақытта оның қасынан табылады. Халқым деп соққан жүрегі еш уақытта алдаған емес. Заманның мың құбылған келбеті Қонаевтан сырт айналса да халқы соғұрлым жақындай түскен тәрізді. Шығарманың шешімі басты кейіпкер Д.Қонаевтың барлық жаладан құтылып, бейбіт демалысқа шығуымен байланысты. Себебі дәл осы сәтте оның қоғам, адам арасындағы бітім беделі анық аңғарылады. Осы тұста қаламгер басты кейіпкерін типтік деңгейге көтере алады. Өйткені Д.Қонаев өзінің бар салтанатымен елін әділ басқарған көсем басшыларының жиынтық образы іспеттес. Автордың айтпағы да осында жатқан жоқ па. Ал типтік образды көптен бөле-жара қарауға әсті болмайды. Себебі: «Типтік образды ұлттық характер проблемасынан бөліп алып қарауға болмайды. Кейіпкердің ұлттық характерінің айқын көрінуі әдебиеттің ұлттық формасының ерекшелігін белгілейтін басты шарттарының бірі болып саналады», - екен. [6,43]. Шындығында Д.Қонаев өзінің ерен еңбегімен, адал ұстанымымен, шынайы болмысымен ұлт қайрткері деңгейіне көтерілген дара тұлға бола білді. Сондықтан да Р.Ниязбек аталмыш романына негізгі кейіпкер ретінде Д.Қонаевты ала отырып, ұлт басшыларының қандай болмақ керек екендігін меңзегендей болады. Осы тұрғыда келгенде тарихи шындыққа негізделген оқиғалар легі басты кейіпкер Д.Қонаевпен сабақтастықта өріле келіп, көркемдік шындыққа ұласады. Туындының көркемдік жетістігі осында деп білеміз.

Қорытынды. Қорыта келгенде, жазушы Р.Ниязбек «Көсем» атты романында ХХ ғасырдың басты оқиғасы Желтоқсан көтерілісін баяндау арқылы сол тұстағы ел басында отырған басшылар мен қарапайым халық арасындағы тартысты шебер суреттеп шыққан. Шындықпен өрілген шығармада ол қиялдың ырқына көнбей, қалай да тарихи шындықты сақтауға ұмтылғаны байқалады. Ондағы кейіпкерлер мен оқиғалар, жер атаулары мен түрлі мекемелер, тіпті ауа райының құбылысы мен көше атаулары барлығы түп-түгел шынайы баяндалады. Сонымен қатар, романдағы болған оқиғалардың барлығын көзімен көріп, көңіліне түйген тірі куәлар күні бүгінге дейін ел ортасында жүр. Демек, қаламгердің туындысында тарихи

шындық пен көркемдік шындық шебер үйлесім тауып, романның толық мәнді тарихи деп аталуына лайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов, З. Екі томдық таңдамалы шығармалар [Мәтін]: монография / З.Қабдолов. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
2. Ниязбек, Р. Көсем: тарихи роман [Мәтін] / Р.Ниязбек. – Алматы, «Полиграфкомбинат» баспасы. 2021. – 676 б.
3. Ленобль, Г. История и литература (сборник статей) [Текст] / Г.М. Ленобль. – М.: Советский писатель, 1966. – 388 с.
4. Шкловский, В. О теории прозы [Текст]: монография / В. Шкловский. – М.: Советский писатель, 1993. – 384 с.
5. Реизов, Б.Г. Французский исторический роман в эпоху романтизма [Текст]: монография / Б.Г. Реизов. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1958. – 567 с.
6. Дүйсенов, М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі [Мәтін]: монография / М.Дүйсенов. - Алматы, 1962. – 211 б.

Материал редакцияға 20.03.22 түсті.

Т.А. Мукашев, А.М. Мукашева

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

РОМАН Р. НИЯЗБЕКА «ВОЖДЬ»: ГАРМОНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ И ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЕЙ

Аннотация. В данной статье основным объектом изучения стал последний роман известного писателя Р. Ниязбека «Вождь». Роман посвящен историческому событию, предшествовавшему распаду огромного государства СССР во второй половине XX века, а также горькой правде исторического восстания, впервые начавшегося в Казахстане. Главный герой романа-Динмухамед Конаев, крупный исторический и национальный деятель, руководивший казахской страной около тридцати лет.

Благодаря тому, что главная тема романа-историческая, его масштаб является широким, а система персонажей и событий с большой точностью рассказывает о событиях, произошедших в недавнем прошлом. Поэтому писатель Р. Ниязбек сумел воплотить в художественную реальность то, что произошло в истории, и добиться яркого выхода в свет произведения.

Своеобразной новизной статьи считается способ изложения исторической действительности в контексте художественной действительности, который предстал перед многими читателями. В статье автор подробно останавливается на событиях романа, им проведен детальный анализ персонажей, принимавших активное участие в тех событиях. Следовательно, возникает необходимость проведения такого анализа для осмысления соотношения исторической действительности и художественной действительности в каком-либо произведении.

Ключевые слова:Национальный деятель, роман, художественный образ, тема, национальный характер, историческая реальность.

Т.А. Mukashev, A.M. Mukasheva

M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

**R. NIYAZBEK'S NOVEL "THE LEADER":
HARMONY OF HISTORICAL AND ARTISTIC REALITIES**

Abstract. In this article, the main object of study was the last novel of the famous writer R. Niyazbek "The Leader". The novel is dedicated to the historical event that preceded the collapse of the USSR in the second half of the twentieth century and the bitter truth of the historical uprising that first began in Kazakhstan. The main character of the novel is DinmukhamedKonaev. He is an important historical and national figure who ruled the Kazakh country for about thirty years.

Due to the historical theme, the novel has a broad scope. The system of characters and events accurately depicts the events that occurred in the recent past. So the writer R. Niyazbek managed to translate into artistic reality historical events and achieve a bright publication of the work.

One of the most novel aspects of the article is how the author integrates historical facts into an artistic context that was presented to a wide audience. In the article, the author dwells in detail on the novel events and conducts a detailed analysis of the characters who played a part in them. Consequently, there is a need for such an analysis to comprehend the relationship between historical facts and artistic reality in any work.

Keywords: National figure, novel, artistic image, theme, national character, historical reality.

References

1. Kabdolov Z. Eki tomдық таңдамалы шығармалар [Selected works in two volumes]: monograph. - Almaty: Zhazushy, 1983. - 456 p. [in Kazakh].
2. Niyazbek R. Kөsem: tarihi roman [The leader: a historical novel]. – Almaty: publishing house "Polygraphkombinat", 2021.-676 p. [in Kazakh].
3. Lenoble G. Istoriya i literatura (sbornik statej) [History and literature (collection of articles)]. - Moscow: Soviet writer, 1966. -388 p. [in Russian].
4. Shklovsky V. O teorii prozy [On the theory of prose] / monograph. – Moscow: Soviet writer, 1993. – 384 p. [in Russian].
5. Reizov B.G. Francuzskij istoricheskij roman v epohu romantizma [French historical novel in the era of Romanticism]: monograph. – Moscow: State Publishing House of Fiction, 1958. – 567 p. [in Russian].
6. Duissenov M. Әdebiettegi mazmұn men formanyң birligi [Unity of content and form in literature]: monograph. - Almaty, 1962. -211 p. [in Kazakh].